


**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.
Тарих факультеті.
Тарих және дінтану кафедрасы**




Тақырыбы :Қайта өрлеу дәуіріндегі кабинеттер және оларда сақталынатын жәдігерлер.

Дайындаған : Байқұлова Айгерім



Ренессанс немесе **Қайта өркендеу дәуірі** XIV-XVII ғасырларға аралығындағы еуропалық жаңа мәдениет қозғалысы. Ол орта ғасырдың соңында Италияның орталық өңіріндегі қалалар – Флоренция Милан қалаларынан басталып, еуропаның өзге елдеріне кеңейген. Ренессанс сөзі бұл күндері ауыспалы мағынада "Өркендеу, гүлдену, жаңару, көркею, қайта серпілу" секілді мағыналарды береді. Ренессанс дәуірінде ежелгі антикалық мәдениетке қайту, ежелгі грек-рим мәдениеті философиясынан үйрену, сурет пен бейнелеу өнерінде, өнер мен әдебиетте тегіс гуманизмді (адамгершілікті) тб көрініс тапты.



Ренессанс мәдениеті деп аталатын алғашқы буржуазиялық мәдениет — XIV ғасыр аяғында XV ғасыр басында Еуропада, оның ішінде Италияда қалыптасты. Бұл мәдени төңкеріс Венециядан басталып, бүкіл Италияны қамтыды. Қайта жаңғыру дәуірін Еуропаның көптеген мемлекеттері, атап айтқанда: Франция, Испания, Нидерланд, Польша, Чехия, Венгрия, Англия, Балқан елдері және т.б. бастарынан кешірді. Бұл кезеңде итальян қоғамы Грекия мен Римнің көне мәдениетіне ерекше мән беріп, көне мәдени мұраларды жаңғыртумен қызу айналыса бастады.



Ренессанс «Қайта жаңғыру» термині осы дәуірдің белгілі суретшісі, сәулетшісі және өнер тарихының асқан білгірі Джордане Базари өзінің «Жизнеописание наиболее знаменитых живописцев, ваятелей и зодчих» (XVI ғасыр) деген еңбегінде алғаш рет қолданған. Демек, бұл терминнің мағынасы — көне заман мәдениетін жаңғырту болып табылады. Ал одан кейін, дәлірек айтқанда, XVIII ғасырдан бастап Италиялық жаңғыру дәуірі адамның қайта жаңғыруы және гуманизм дәуірі деп сипатталады.



Марк Туллий Цицерон



**Цицерон Марк
Туллий** (б.з.б. 3.1.106,
Арпинум — 7.12.43,
Кайета маңы) — Ежелгі
Римнің саяси қайраткері,
шешен, жазушы.
Ақсүйектер әулетінен.





